



Жетісу облысының Қоғамдық кеңесінің бірінші отырысының №1 хаттамасы

Талдықорған қаласы,
Тіл сарайы

2025 жылғы 19 ақпан,
сағат 09:00

Төрағалық етуші – Жетісу облысының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру бойынша жұмыс тобының төрағасы **Е. Келемсейіт**.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері!

Сіздерді Жетісу облысының Қоғамдық кеңесінің құрамына сайлануларыңызбен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Сіздерді сайлау барысында жұмыс тобының **4** отырысы өтті. Жалпы **50** үміткер құжат тапсырды. Оның ішінде **4-еуі** конкурсқа келмеді. **Төртінші** отырыстың қорытындысы бойынша **27** адам алған балдарының нәтижесінде іріктеліп алынды. Қалғаны резервке қойылды.

Бүгінгі алғашқы отырысқа Қоғамдық кеңестің барлық мүшелері бір-бірімен танысып, алдағы уақытта атқарылатын жұмыс бағытын бетпе-бет келісу үшін шақырылды. Отырысқа Қоғамдық кеңестің **25** мүшесі қатысуда, **7** адам белгілі себептермен келмеді. Кворум бар, отырысты ашық деп жариялаймын.

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілді:

1. Қоғамдық кеңестің төрағасын сайлау.
2. Қоғамдың кеңестің қызмет бағыттары бойынша комиссияларын құру.
3. Қоғамдық кеңес төралқасының құрамын сайлау.
4. Қоғамдық кеңес туралы ережені бекіту.
5. Қоғамдық кеңестің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасын қалыптастыру.

Күн тәртібіне ұсынатын басқа мәселелеріңіз бар ма?

Жоқ.

Мәселені дауысқа қоямын.

Қарсы, қалыс? Жоқ.

Күн тәртібі бекітілді.

Ендігі кезеңде отырыстың регламенті бектілуге тиіс.

Қаралатын мәселелер бойынша ұсыныс айту үшін 3-5 минутқа дейін сөз сөйлеу уақыты беріледі.

Регламентке байланысты басқа ұсыныстарыңыз бар ма?

Жоқ.

Мәселені дауысқа қоямын.

Ұсынылып отырған регламент бекітілсін дегендеріңіз дауыс беріңіздер.
Қарсы, қалыс? Жок.
Регламент бекітілді.

Енді қоғамдық кеңестің жаңа құрамымен таныстырып өтейін.
(қосымша тізім бойынша)

Құрметті кеңес мүшелері!

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшеміз.

Бүгін ашық дауыс беру арқылы мемлекеттік қызметте жұмыс істемейтін жаңадан сайланған кеңес мүшелерінің арасынан қоғамдық кеңестің төрағасы сайлануға тиіс.

Осыған байланысты ұсыныс-пікірлеріңіз бар ма?

Р. Ақжаркенова: Мұндай келелі істің басында өмірлік тәжірибесі мол адамдардың білігі мен білімін пайдалану өте маңызды. Сондықтан мен өзіміздің әріптесіміз Әсет Қыдырмановтың кандидатурасын ұсынамын.

Қоғамдық кеңестің төрағалығына Әсет Серікқалиұлы Қыдырманов ұсынылды.

Басқа ұсыныстар бар ма?

Жок.

Мәселені дауысқа саламын.

Әсет Серікқалиұлы Қыдырманов қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жок.

Жетісу облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы болып
Әсет Серікқалиұлы Қыдырманов сайланды.

Құттықтаймыз!

Осымен менің Жетісу облысының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру бойынша жұмыс тобының төрағасы ретіндегі миссиям аяқталды, отырыс төрағалығын қоғамдық кеңестің төрағасы тапсыруға рұқсат етіңіздер.

Рахмет.

Ә. Қыдырманов:

Құрметті Қоғамдық кеңестің мүшелері!

Қоғамдық кеңес қарауға уәкілетті мәселелердің кең ауқымдылығын ескере келе облыстық қоғамдық кеңестің қызмет бағыттары бойынша комиссиялары құрылу керек.

Тиісті комиссиялар мен олардың құрамы бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін 20 минут үзіліс жариялаймын.

(20 минут үзіліс)

Ә. Қыдырманов: Құрылатын комиссиялардың атауларын атап, құрамдарын хабарлауға рұқсат етіңіздер.

(қосымша тізім бойынша)

Басқа ұсыныстар бар ма? Жоқ.

Олай болса, әр құрылатын комиссия мен оның құрамын жеке-жеке дауысқа саламын

Бірінші: Зандылық, құқықтық тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, көпі-қон жөніндегі комиссия мәселелері бойынша комиссия құрылып оның құрамына:

- | | | | |
|---|-------------------------------------|---|--|
| 1 | ҚАРЫМСАҚОВ
Қанат
Батанұлы | - | Жетісу облысы бойынша «Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық» мемлекеттік мекемесінің басшысы өкілдігі |
| 2 | ИБРАИМОВА
Гүлнар
Қалтайқызы | - | Текелі қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы, ҚР ІІМ бұрынғы қызметкері, Текелі қаласының Құрметті азаматы |
| 3 | ЖАНАБАЕВ
Қайрат
Темірғалиұлы | - | «Жетісу облысының Ауған соғысы ардагерлері қоғамы» ҚБ төрағасы |
| 4 | ЛИ
Владимир
Леонидович | - | «Облыстың корей этномәдени бірлестігі» ҚБ төрағасы |
| 5 | ДАУЫЛБАЕВА
Айнұр
Тұрарбекқызы | - | Жетісу облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы |

- 6 ЖАЗЫҚБАЕВ - Облыстық мәслихат аппаратының
Аманжол басшысы
Тоқтарұлы

сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жоқ.
Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер!

Осы комиссияның төрағалығына Қарымсақов Қанат Батанұлын ұсынамын.

Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ.
Мәселені дауысқа қоямын.

Қарымсақов Қанат Батанұлын комиссияның төрағасы болып сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жоқ
Шешім қабылданды.

Екінші: Туризмді, шағын және орта бизнесті, сәулет, құрылыс, аграрлық саланы, жер қатынастарын, ветеринарияны, табиғи ресурстарды, автомобиль жолдары мен көлікті, коммуникацияларды, байланысты дамыту жөніндегі комиссия мәселелері бойынша комиссия құрамына:

- 1 ОҢАЛБАЕВ - Жетісу облысының кәсіпкерлер
Дәурен палатасының директоры
Барлықбекұлы
- 2 ФАЙЗУЛИН - Жетісу облысы кәсіпкерлер палатасы
Баниямин Джихангерович тұтынушылардың құқығын қорғау
және сыбайлас жемқорлыққа қарсы
кеңесінің төрағасы, облыстық
мәслихат депутаты
- 3 ОҢҒАРБАЕВА - «Атамекен» палатасы әйелдер
Светлана кәсіпкерлігін дамыту орталығының
Серікбайқызы тәлімгері, «Жетісудің іскер әйелдері»
ҚБ мүшесі
- 4 КЕРІМҚҰЛОВ - Панфилов ауданының Ардагерлер
Тоқтарбай кеңесінің төрағасы, «Жетісу
Әкімұлы облысының Ардагерлер ұйымы» РҚБ

облыстық филиалының мүшесі,
Панфилов ауданының «Қоғамдық
кеңесінің» мүшесі

- | | | | |
|---|--|---|--|
| 5 | ЩЕРБАКОВ
Станислав
Александрович | - | «Аласет» ЖШС директорының
орынбасары |
| 6 | БОЛАТҰЛЫ
Жарылқасын | - | «Айсұлу» Жетісу тігін фабрикасы»
ЖШС атқарушы директоры |

сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жоқ.

Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер!

Осы комиссияның төрағалығына Оналбаев Дәурен Барлықбекұлын ұсынамын.

Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ.

Мәселені дауысқа қоямын.

Оналбаев Дәурен Барлықбекұлы комиссия төрағасы болып сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жоқ

Шешім қабылданды.

Үшінші: Қоғамдық даму, тілдерді дамыту, ономастика, спорт, мәдениет, жастар саясаты, ұлтаралық және діни қатынастар мәселелері жөніндегі комиссия мәселелері бойынша комиссия құрамына

- | | | | |
|---|------------------------------------|---|---|
| 1 | ҚЫДЫРБАЕВА
Дәния
Сәлімбақызы | - | Жетісу облысы Азаматтық
альянсының президенті, облыстық
ата-аналар комитетінің төрайымы |
| 2 | ӘМІРЕЕВ
Жұмабай
Оспанұлы | - | Облыстық «Jetisú» газетінің бас
редакторы |
| 3 | САНСЫЗБАЙ
Құрметбек | - | «Қандастар қоғамы» ҚБ жетекшісі |
| 4 | АБИБЕКОВ
Бауыржан | - | Жетісу облысы қоғамдық даму
басқармасының басшысы |

Бақытұлы

- | | | | |
|---|-----------------------------------|---|---|
| 5 | ИБРАИМОВ
Олжас
Бекдаuletұлы | - | Жетісу облысы бойынша Қазақстан
Халықтық партиясы филиалының
төрағасы |
| 6 | САМАТҚЫЗЫ
Шырай | - | «Мейірімді Жетісу» еріктілер фронт-
офисінің жетекшісі |

сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жоқ.
Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер!

Осы комиссияның төрағалығына Қыдырбаева Дания Сәлімбайқызын ұсынамын.

Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ.
Мәселені дауысқа қоямын.

Қыдырбаева Дания Сәлімбайқызы комиссияның төрағасы болып сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жоқ
Шешім қабылданды.

Төртінші: Әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, білім беру, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі комиссия құрылып оның құрамына

- | | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | ТҮЛЕМИСОВА
Жанат
Ерханқызы | - | «Тамшыбұлақ» ҚБ жетекшісі |
| 2 | БАЯЛЫШБАЕВ
Елдос
Қайыркенұлы | - | «Мүгедектерді спорттық оналту орталығы» ҚБ жетекшісі |
| 3 | БАЙМАДИЕВА
Несіпжамал
Қасымбекқызы- | - | Жетісу облысы Аналар кеңесінің
төрайымы |
| 4 | НҰРҒОЖАЕВ
Шыңғыс Болатұлы | - | Талдықорған жоғары политехникалық
колледжінің директоры, PhD докторы |
| 5 | АҚЖАРКЕНОВА
Роза | - | «Ерлік» қимыл қозғалысы кем
мүгедектер ҚБ жетекшісі |

Хаджи-Ахметқызы

- | | | | |
|---|---------------------------------------|---|---|
| 6 | МИЗАМБАЕВ
Ермек
Арынханұлы | - | Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы |
| 7 | ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ
Мэльс
Құлмұханұлы | - | «Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің «Жетісу» жергілікті кәсіподағы» ҚБ жетекшісі |

сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жок.

Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер!

Осы комиссияның төрағалығына Тулемисова Жанат Ерханқызын ұсынамын.

Басқа ұсыныс бар ма? Жок.

Мәселені дауысқа қоямын.

Тулемисова Жанат Ерханқызы комиссия төрағасы болып сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жок

Шешім қабылданды.

Бесінші: Бюджет, тарифтік саясат, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, табиғатты пайдалану және экология, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия құрылып оның құрамына

- | | | | |
|---|------------------------------------|---|---|
| 1 | НҰРБАЕВ
Қалтай
Ханұлы | - | Зейнеткер |
| 2 | АРЫН
Арыстанғали
Қадырұлы | - | «АМАНАТ» партиясының Жетісу облыстық филиалының төрағасы |
| 3 | МҰСАХМЕТОВ
Ақжан
Ақылбекұлы | - | «Көксу жастары» ҚБ жетекшісі,
«Ауыл» ХДПП облыстық филиалының үйлестірушісі |
| 4 | УРАЗАЛИЕВ
Аманжол
Амантұрұлы | - | «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы» ЖМ филиалының жетекшісі |

- | | | | |
|---|---|---|--|
| 5 | АҚБОЛАТОВ
Еркебұлан
Ешмұхамбетұлы | - | «Қоғамдық келісім» КММ директоры,
облыстық мәслихат депутаты |
| 6 | ДАУТАЛИНОВ
Рауан
Аманұлы | - | Жетісу облысы экономика және
бюджеттік жоспарлау басқармасының
басшысы |

сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жоқ.

Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер!

Осы комиссияның төрағалығына Нұрбаев Қалтай Ханұлын ұсынамын.

Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ.

Мәселені дауысқа қоямын.

Нұрбаев Қалтай Ханұлы комиссияның төрағасы болып сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жоқ

Шешім қабылданды.

Құрметті кеңес мүшелері!

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 11 бабы 2 тармағында Қоғамдық кеңес отырыстарының арасындағы кезеңде оның қызметіне жедел басшылықты жүзеге асыру үшін Қоғамдық кеңес төралқасы сайлануға тиісті. Қоғамдық кеңес төралқасының құрамына Қоғамдық кеңестің төрағасы, Қоғамдық кеңес құрылған мемлекеттік органның уәкілетті өкілі, Қоғамдық кеңес комиссияларының төрағалары және жекелеген мүшелері енгізілуі керек.

Жоғары айтылғанды негізге ала отырып облыстық қоғамдық кеңестің төралқасы құрамына қоғамдық кеңестің төрағасы, қоғамдық кеңестің комиссия төрағалары, облыстық мәслихаттың аппарат басшысы Жазықпаев Аманжол Тоқтарұлын, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Абибеков Бауыржан Бақытұлын және Ақжаркенова Роза Хаджи-Ахметқызын ұсынамын.

Басқа ұсыныстар бар ма? Жоқ.

Мәселені дауысқа саламын.

Облыстық қоғамдың кеңестің төралқасы құрамына ұсынылып отырған қоғамдық кеңестің мүшелері сайлансын дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жоқ.

Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер!

Жетісу облысының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру бойынша жұмыс тобымен әзірленген Жетісу облыстық Қоғамдық кеңесі туралы Ереже жобасы Сіздерге танысу үшін жолданды.

Ұсынылып отырған кеңестің Ережесіне ұсынатын толықтырулар мен өзгертулеріңіз бар ма?

Жоқ. Мәселені дауысқа қоямын.

Ұсынылып отырған Жетісу облысының қоғамдық кеңесінің Ережесі бекітілсін дегендеріңіз дауыс беріңіздер.

Қарсы, қалыс? Жоқ.

Ереже бекітілді.

Құрметті әріптестер!

Қоғамдық кеңестің жүйелі жұмысын қамтамасыз ету үшін бүгін 2025 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілуге тиіс.

Бұл мәселені жұмыс тәртібінде өздеріңіздің жеке ұсыныс пікірлеріңізді ескере отырып, шешуді ұсынамын. Жұмыс жоспарының жобасымен танысып, ұсыныстар енгізу үшін 28 ақпанға дейін уақыт беремін.

Ұсыныстар жинақталған соң жұмыс жоспарының жобасы толықтырулар енгізіліп, өздеріңізбен келісуге жолданатын болады.

Құрметті кеңес мүшелері!

Осымен облыстық Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер толығымен қаралды.

Отырыстың өткізілуіне байланысты сын-ескертпелеріңіз бар ма?

Жоқ.

Отырысты жабық деп жариялаймын.

Жетісу облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы

Ә. Қыдырманов

Жетісу облыстық қоғамдық кеңесінің хатшысы

Ж. Абдрахманова